

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		72-11-2025
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 1 беті

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжі**

БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Мамандығы: 009130100«Мейіргер ісі»
Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»
Оқу түрі: күндізгі
Оқытудың нормативтік мерзімі: 3 жыл 6 ай
Циклдар мен пәндер индексі АП 20
Курс: 3
Семестр: 6
Пән: «Функционалды мүмкіндіктерін жақсарту»
Бақылау нысаны: емтихан
Барлық сағат/кредит көлемі KZ:72/3

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	72-11-2025	
Бақылау өлшеу құралдары	16 беттің 3 беті	

8.1. Пән/модуль бойынша тесттер

Аралық бақылау – 1.

1. Функционалдық қабілет дегеніміз не?
 - A) Адамның физиологиялық көрсеткіштер жиынтығы
 - B) Адамның өз қажеттіліктерін қанағаттандыру және қоршаған ортамен өзара әрекет ету мүмкіндігі
 - C) Организмнің ауруға қарсы тұру қабілеті
 - D) Тек физикалық күш қолдану мүмкіндігі
2. Функционалдық қабілеттердің негізгі түрлері:
 - A) Қозғалыс, өзін-өзі күту, әлеуметтік, когнитивті
 - B) Физиологиялық және психологиялық
 - C) Тек физикалық және эмоционалды
 - D) Емдік және профилактикалық
3. Функционалдық тәуелділік дегеніміз:
 - A) Пациенттің өздігінен әрекет ету қабілетінің толық сақталуы
 - B) Пациенттің белгілі бір іс-әрекеттерді орындауда басқаның көмегіне мұқтаж болуы
 - C) Денсаулықтың толық қалпына келуі
 - D) Аурудың жеңіл түрі
4. Функционалдық қабілеттерді бағалауда ең жиі қолданылатын шкала:
 - A) Бартел индексі
 - B) Глазго шкаласы
 - C) Апатия шкаласы
 - D) Альцгеймер тесті
5. Қозғалыс функциясын бағалауға арналған негізгі көрсеткіш:
 - A) Есту қабілеті
 - B) Қозғалыс амплитудасы, тепе-теңдік, бұлшықет күші
 - C) Дәм сезу
 - D) Когнитивті белсенділік
6. Өзін-өзі күту қабілетіне кіретін әрекеттер:
 - A) Тамақтану, киіну, жуыну, дәретханаға бару
 - B) Әлеуметтік қарым-қатынас
 - C) Когнитивті тест тапсыру
 - D) Дене қызуын өлшеу
7. Когнитивті функцияларды бағалаудың мысалы:
 - A) Қысқа мерзімді есте сақтау тесті
 - B) Өкпе функциясын тексеру
 - C) Жүрек жиырылу жиілігін анықтау
 - D) Қан қысымын өлшеу
8. Әлеуметтік функцияның бұзылуы көбіне қандай жағдайда байқалады?
 - A) Ауруханадан шыққан соң
 - B) Ұзақ оқшаулану немесе психоәлеуметтік күйзеліс кезінде
 - C) Физикалық белсенділіктің жоғарылауында
 - D) Жаттығуларды орындаған соң
9. Оңалту шараларының мақсаты:
 - A) Диагноз қою
 - B) Функционалдық мүмкіндіктерді қалпына келтіру және тәуелсіздікті арттыру
 - C) Дәрі-дәрмек тағайындау
 - D) Ауруды хирургиялық емдеу

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	72-11-2025	
Бақылау өлшеу құралдары	16 беттің 4 беті	

10. Емдік дене жаттығуларының негізгі әсері:

- A) Бұлшықет атрофиясын күшейтеді
- B) Қозғалыс белсенділігін арттырады, бұлшықет тонусын жақсартыады
- C) Психоэмоционалды кернеуді арттырады
- D) Қимыл-қозғалысты шектейді

11. Еңбек терапиясы дегеніміз:

- A) Жұмысқа қабілеттілікті бағалау
- B) Арнайы бейімделген еңбек әрекеті арқылы функционалдық дағдыларды қалпына келтіру
- C) Массаж түрі
- D) Психотерапия әдісі

12. Психоэлеуметтік қолдау не үшін қажет:

- A) Пациенттің когнитивті функцияларын тежеу үшін
- B) Мотивацияны күшейту, элеуметтік бейімделуді жақсарту үшін
- C) Дәрілік емге балама ретінде
- D) Ұйқыны қысқарту үшін

13. Функционалдық қабілеттерді қолдауда мейіргердің рөлі:

- A) Диагноз қою
- B) Пациенттің тәуелсіздігін арттыру, жаттығуларға ынталандыру, бақылау жүргізу
- C) Дәрі-дәрмекті жазу
- D) Хирургиялық көмек көрсету

14. Техникалық көмекші құралдарға жатады:

- A) Қан қысымын өлшегіш
- B) Таяқ, жүріс құрылғысы (ходунки), мүгедектер арбасы
- C) Дәрілік препараттар
- D) Тонометр және термометр

15. Цифрлық бақылау жүйелері не үшін қолданылады?

- A) Пациенттің физиологиялық көрсеткіштерін автоматты қадағалау
- B) Дәрігердің жұмысын азайту үшін
- C) Аурудың алдын алу емес
- D) Кұжат жүргізу үшін ғана

16. Қозғалыс белсенділігін арттыру мейіргердің қандай әдісі арқылы жүзеге асады?

- A) Отыру қалпын ұсыну
- B) Жеке қозғалыс жоспарын құру және мотивация беру
- C) Пациентті төсекте ұстау
- D) Емдеуді шектеу

17. Функционалдық шектеулер көбінесе қай топта байқалады?

- A) Балаларда
- B) Егде және созылмалы аурулары бар пациенттерде
- C) Денсаулығы жақсы адамдарда
- D) Спортшыларда

18. Функционалдық бағалау нәтижелері мейіргер үшін неге қажет?

- A) Ем нәтижесін болжау және күтім жоспарын құру үшін
- B) Медициналық есеп жүргізу үшін ғана
- C) Тек дәрігерге есеп беру үшін
- D) Қаржылық есепке алу үшін

19. Заманауи технологиялар функционалдық тәуелділікті қалай төмендетеді?

- A) Пациенттің белсенділігін бақылап, қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз етеді
- B) Пациентті қозғалыстан шектейді

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	72-11-2025	
Бақылау өлшеу құралдары	16 беттің 5 беті	

- C) Тек медициналық персоналдың жұмысын жеңілдетеді
D) Қолдану қиын
20. Функционалдық мүмкіндіктерді дамытудағы басты қағида:
- A) Пациенттің белсенді қатысуы және үздіксіз қолдау
B) Тек дәрігердің бақылауы
C) Толық иммобилизация
D) Мотивацияның болмауы

Аралық бақылау – 2.

- Оңалту (реабилитация) дегеніміз не?
 - Аурудың алдын алу процесі
 - Адамның жоғалған немесе шектелген функцияларын қалпына келтіру жүйесі
 - Дәрі-дәрмекпен емдеу
 - Медициналық бақылау
- Оңалту іс-шараларында мейіргердің негізгі міндеті:
 - Тек дәрігер нұсқауларын орындау
 - Пациенттің белсенді қатысуын қамтамасыз ету, күтім және психологиялық қолдау көрсету
 - Дәрі жазу
 - Диагноз қою
- Медициналық оңалтудың мақсаты:
 - Ауру белгілерін жасыру
 - Организмнің құрылымдық және функционалдық бұзылыстарын қалпына келтіру
 - Тек психологиялық көмек көрсету
 - Тәуелділікті арттыру
- Психологиялық оңалту дегеніміз:
 - Физикалық қозғалыс белсенділігін арттыру
 - Пациенттің эмоционалдық, когнитивті және әлеуметтік бейімделуін қалпына келтіру
 - Медикаментозды емдеу тәсілі
 - Массаж түрі
- Психологиялық оңалтудың негізгі мақсаттарының бірі:
 - Пациенттің өзін-өзі бағалау сезімін қалпына келтіру
 - Қозғалыс шектеулерін күшейту
 - Пациентті оқшаулау
 - Физиологиялық өзгерістерді тоқтату
- Мейіргердің оңалту кезеңіндегі психологиялық рөлі:
 - Тек бақылаушы болу
 - Эмпатия таныту, қарым-қатынас орнату, пациентті ынталандыру
 - Дәрігердің орнына шешім қабылдау
 - Пациентті оқшаулау
- Психологиялық оңалтудың негізгі түрлері:
 - Медициналық және хирургиялық
 - Когнитивті, мінез-құлықтық, топтық, арт-терапиялық
 - Физиологиялық және биохимиялық
 - Фармакологиялық
- Психологиялық оңалтудың маңызды әдістерінің бірі:
 - Арт-терапия
 - Инфузиялық терапия

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	72-11-2025	
Бақылау өлшеу құралдары	16 беттің 6 беті	

- С) Физиотерапия
D) Дәрілік терапия
9. Топтық психологиялық оңалтудың артықшылығы:
- A) Пациенттердің әлеуметтік өзара әрекеттесуін күшейтеді
B) Пациенттерді бәсекелестікке итермелейді
C) Диагностика процесін жеделдетеді
D) Медициналық шығынды азайтады
10. Мейіргердің пациентпен психологиялық байланыс орнатудағы негізгі принципі:
- A) Тәртіпке бағындыру
B) Құрмет, сенім және ашық қарым-қатынас
C) Қатаң бақылау
D) Эмоциясыз қатынас
11. Оңалту іс-шараларының құрамдас бөліктері:
- A) Медициналық, психологиялық, әлеуметтік, кәсіби
B) Диагностикалық және емдік
C) Хирургиялық және терапиялық
D) Тек физиологиялық
12. Психологиялық оңалтудың тиімділігін арттыру үшін не қажет?
- A) Пациенттің белсенді қатысуы және мотивация
B) Дәрігердің қатаң бақылауы
C) Физикалық белсенділіктің шектелуі
D) Оқшаулау
13. Когнитивті оңалту неге бағытталған?
- A) Есте сақтау, ойлау және зейін функцияларын қалпына келтіруге
B) Тек қозғалысты дамытуға
C) Дәрі-дәрмекке төзімділікті арттыруға
D) Әлеуметтік қатынасты шектеуге
14. Психологиялық оңалтудың арт-терапиялық әдісі нені қамтиды?
- A) Сурет салу, музыка, шығармашылық арқылы эмоцияны шығару
B) Дене жаттығуларын орындау
C) Қан қысымын бақылау
D) Дәрі қабылдау
15. Оңалту барысында мейіргердің коммуникативтік қабілетінің маңызы:
- A) Пациентпен сенімді қатынас орнатып, ынталандыруды қамтамасыз ету
B) Қарым-қатынасыз бақылау жүргізу
C) Тек медициналық құжат толтыру
D) Пациенттің пікірін елемей
16. Психологиялық оңалтудың топтық формасы қай кезде тиімді?
- A) Әлеуметтік дағдыларды қалпына келтіру қажет болғанда
B) Жеке терапия тиімсіз болғанда
C) Пациент оқшау болғысы келгенде
D) Тек физикалық ауру кезінде
17. Мейіргердің психологиялық оңалтуды ұйымдастырудағы міндеті:
- A) Пациенттің эмоциялық жағдайын бақылау және қолдау
B) Тек дәрігердің тапсырмасын орындау
C) Пациентке дәрі жазу
D) Емшараларды жоспарлау
18. Психологиялық оңалтудың нәтижелі болуы неге байланысты?
- A) Пациенттің белсенділігі, отбасылық және кәсіби қолдау деңгейіне

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		
		72-11-2025 16 беттің 7 беті

- В) Тек дәрілік терапияға
 С) Жас ерекшелігіне
 D) Кездейсоқ жағдайларға
19. Мейіргер психологиялық оңалту кезінде қандай қасиеттерге ие болуы тиіс?
А) Эмпатия, шыдамдылық, сенім қалыптастыру қабілеті
 В) Қатаңдық және эмоционалды салқындық
 С) Тек ұйымдастырушылық қабілет
 D) Кәсіби бейтараптық
20. Психологиялық оңалтудың соңғы нәтижесі неге бағытталған?
 А) Пациенттің психоэмоционалды тұрақтылығы мен өмір сапасын жақсартуға
 В) Тек ауру белгілерін азайтуға
 С) Медициналық бақылауды жеңілдетуге
 D) Ем нәтижесін статистикалық тіркеуге

8.2. Пән/модуль бойынша тест, емтихан сұрақтары

1. Функционалдық қабілет ұғымын түсіндіріңіз.
2. Функционалдық қабілеттердің негізгі түрлерін атаңыз.
3. Қозғалыс функциясын бағалау қандай көрсеткіштер арқылы жүргізіледі?
4. Өзін-өзі күту қабілетінің компоненттерін сипаттаңыз.
5. Когнитивті функцияларды бағалауда қолданылатын негізгі әдістер мен тестілерді атаңыз.
6. Әлеуметтік функция дегеніміз не және оны бағалаудың маңызы неде?
7. Функционалдық тәуелділік ұғымы нені білдіреді?
8. Әртүрлі жастағы және аурулары бар пациенттердің функционалдық шектеулерін бағалау ерекшеліктері қандай?
9. Функционалдық қабілеттерді бағалауға арналған шкалалардың мысалдарын келтіріңіз.
10. Функционалдық қабілеттерді қолдаудың негізгі бағыттарын атаңыз.
11. Оңалту шараларының (емдік дене жаттығулары, еңбек терапиясы) маңызын түсіндіріңіз.
12. Емдік дене жаттығуларының функционалдық жағдайды қалпына келтірудегі ролін сипаттаңыз.
13. Еңбек терапиясының мақсаты мен қолдану саласын түсіндіріңіз.
14. Психоәлеуметтік қолдаудың пациенттің функционалдық мүмкіндіктерін арттырудағы ролін ашып көрсетіңіз.
15. Функционалдық қабілеттерді бағалау және қолдау процесіндегі мейіргердің рөлі қандай?
16. Мейіргерлік араласудың функционалдық тәуелділікті төмендетудегі маңызы неде?
17. Техникалық көмекші құралдарға қандай мысалдар келтіруге болады?
18. Цифрлық бақылау жүйелерінің функционалдық мониторингтегі артықшылықтарын атаңыз.
19. Функционалдық шектеулері бар егде жастағы адамдармен жұмыс істеу кезінде қандай тәсілдер қолданылады?
20. Заманауи технологиялар мен тәсілдер функционалдық тәуелділікті қалай төмендетеді?
21. Пациенттің функционалдық жағдайын жақсарту үшін мейіргердің қандай кәсіби құзыреттері маңызды?
22. Функционалдық мүмкіндіктерді дамытудағы мультидисциплинарлық команданың ролін сипаттаңыз.

QNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		
		72-11-2025 16 беттің 8 беті

23. Функционалдық қабілеттердің бұзылуы пациенттің өмір сапасына қалай әсер етеді?
24. Функционалдық қабілеттерді бағалау нәтижелерін күтім жоспарына қалай енгізуге болады?
25. Пациенттің мотивациясын арттырудың қандай әдістері бар?
26. Оңалту (реабилитация) ұғымын түсіндіріңіз.
27. Оңалту іс-шараларының негізгі мақсаттары қандай?
28. Оңалтудың негізгі бағыттарын атаңыз (медициналық, психологиялық, әлеуметтік және кәсіби).
29. Оңалту іс-шараларын ұйымдастырудағы мейіргердің рөлі қандай?
30. Оңалту кезеңінде мейіргердің негізгі міндеттерін атаңыз.
31. Пациенттің функционалдық мүмкіндіктерін қалпына келтіруде мейіргердің әрекеттері қандай?
32. Психологиялық оңалту дегеніміз не?
33. Психологиялық оңалтудың негізгі мақсаттарын атаңыз.
34. Психологиялық оңалтудың түрлерін сипаттаңыз.
35. Когнитивті және мінез-құлықтық терапияның мәнін түсіндіріңіз.
36. Арт-терапия әдісінің ерекшелігі неде?
37. Топтық психологиялық оңалтудың маңызын түсіндіріңіз.
38. Жеке психологиялық оңалтудың артықшылықтарын атаңыз.
39. Мейіргердің психологиялық оңалтуды жүргізудегі рөлі қандай?
40. Мейіргердің коммуникативтік дағдылары психологиялық оңалтудың тиімділігіне қалай әсер етеді?
41. Эмпатия мен сенімнің оңалту процесіндегі маңызы неде?
42. Психологиялық оңалту кезінде мейіргер қандай әдістерді қолдана алады?
43. Психологиялық оңалтудың тиімділігі қандай факторларға байланысты?
44. Оңалту процесінде отбасының қолдауының рөлі қандай?
45. Мейіргер пациенттің эмоционалдық жағдайын бағалауды қалай жүргізеді?
46. Психологиялық оңалту кезінде мотивацияны арттыру әдістерін атаңыз.
47. Пациенттің өзін-өзі бағалау сезімін қалыптастыруда мейіргердің ықпалы қандай?
48. Психологиялық оңалтудың нәтижелерін бағалау көрсеткіштері қандай?
49. Оңалту іс-шараларында мультидисциплинарлық команданың рөлі қандай?
50. Психологиялық оңалтудың жалпы нәтижесі мен күтілетін әсерін сипаттаңыз.
51. Оңалту дегеніміз не және оның негізгі мақсаты қандай?
52. Оңалту іс-шараларын жүргізудегі мейіргердің рөлі мен міндеттері қандай?
53. Оңалту процесінде мультидисциплинарлық топтың маңызы неде?
54. Психологиялық оңалтудың мәні мен негізгі бағыттарын атаңыз.
55. Психологиялық оңалтудың қандай түрлері бар?
56. Психологиялық оңалтудың негізгі әдістеріне қандай тәсілдер жатады?
57. Оңалту принциптерін атаңыз және олардың мәнін түсіндіріңіз.
58. Медициналық, әлеуметтік және кәсіби оңалтудың айырмашылығы неде?
59. Оңалту жоспары қандай кезеңдерден тұрады?
60. Мейіргер оңалту жоспарын жасауда қандай мәліметтерді ескеруі керек?
61. Оңалту іс-шараларының тиімділігін бағалау қалай жүзеге асырылады?
62. Пациенттің мотивациясы мен психологиялық дайындығы оңалтуға қалай әсер етеді?
63. Отбасының қолдауы мен әлеуметтік ортаның оңалту барысындағы маңызы қандай?
64. Оңалтудың биологиялық, психологиялық және әлеуметтік аспектілерінің байланысын түсіндіріңіз.
65. Мейіргердің психологиялық қолдау көрсету тәсілдері қандай?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		
		72-11-2025 16 беттің 9 беті

66. Жүрек–қантамыр жүйесінің патологиясы бар науқастарды оңалтудың негізгі мақсаты қандай?
67. Кардиологиялық оңалтудың негізгі кезеңдерін атаңыз.
68. Жүрек–қантамыр жүйесі ауруларындағы физикалық оңалтудың маңызы неде?
69. Физикалық жүктемені таңдау кезінде қандай көрсеткіштер ескеріледі?
70. Диеталық терапияның кардиологиялық оңалтудан алатын орны қандай?
71. Психоэмоционалды факторлар жүрек ауруларына қалай әсер етеді?
72. Мейіргердің жүрек ауруы бар науқастарды оңалтудағы міндеттерін атаңыз.
73. Кардиологиялық оңалтуда пациенттің өзін-өзі бақылау дағдылары қалай қалыптастырылады?
74. Қайталама профилактика дегеніміз не және ол оңалтуда қалай жүзеге асады?
75. Кардиологиялық оңалтуда өмір салтын түзетудің негізгі бағыттарын атаңыз.
76. Жүйке жүйесінің зақымдалуынан кейінгі оңалтудың басты мақсаты қандай?
77. Нейрореабилитацияның негізгі принциптерін атаңыз.
78. Орталық жүйке жүйесі зақымдалғанда функционалдық қалпына келтіру қандай жолмен жүргізіледі?
79. Қимыл белсенділігін қалпына келтіру үшін қолданылатын әдістер қандай?
80. Физиотерапия мен емдік дене шынықтырудың маңызы неде?
81. Психологиялық және когнитивті оңалтудың рөлі қандай?
82. Мейіргердің нейрореабилитация процесіндегі міндеттерін атаңыз.
83. Жүйке жүйесі бұзылған науқастың күтімінде қауіпсіздік шаралары қандай болуы керек?
84. Әлеуметтік және кәсіби оңалтудың нейрореабилитациядағы орны қандай?
85. Пациент пен отбасы мүшелерін оңалту процесіне тартудың маңызы неде?
86. Бүйрек пен зәр шығару жүйесінің негізгі қызметтерін атаңыз.
87. Бүйрек патологиясы бар науқастарды оңалтудың басты мақсаты қандай?
88. Оңалтудың негізгі кезеңдерін атаңыз (медициналық, әлеуметтік, кәсіби).
89. Бүйрек ауруларындағы оңалтудың негізгі принциптерін атаңыз.
90. Бүйрек трансплантациясынан кейінгі оңалту кезеңдерінде мейіргердің рөлі қандай?

8.3. Білімді бағалау критерийлері мен ережелері: әрбір деңгейдегі білімді бағалаушыкаласы мен критерийлері (ағымдағы, аралық, қорытынды бақылау) сабақтардың барлық түрлерін бағалау ережелері.

Оқыту нәтижелерін бақылау және бағалаудың нысандары мен әдістері білім алушыларда кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуын ғана емес, сонымен қатар базалық құзыреттіліктер мен оларды қамтамасыз ететін дағдылардың дамуын тексеруге мүмкіндік беруі керек.

Білімді бағалау-бұл білім алушылардың оларды меңгеру деңгейіне қолжеткізген оқу бағдарламасында сипатталған эталондық көрсеткіштермен салыстыру процесі.

Бағалаудың мақсаты-білім алушылардың оқу-танымдық қызметін ынталандыру және бағыттау. Бағалаудың негізгі талаптары: объективтілік, жариялылық, айқындық, тиімділік, жан-жақтылық, маңыздылық және бедел. Бақылаудың барлық түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау – үлгерімді ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау №1 кестеге сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша жүзеге асырылады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		72-11-2025
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 10 беті

Аттестация

Рейтинг шкаласы

Әріптік баға жүйесі	Сандық эквивлент	Баллдар (%-дық көрсеткіш)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	
Бағалау критерилері	Өте жақсы «A»: Студент сұрақтарға толығымен жауап берген жағдайда. Жақсы «B+» - «C+»: Студент білімін орта қалыпта жауап берген жағдайда. Қанағаттанарлық «C» - «D»: Студент сұрақтарға қанағаттанарлық жағдайда. Қанағаттанарлықсыз «FX» - «F»: Студент сұрақтарға толық емес жауап берген жағдайда.		

Пән бойынша қорытынды баға мынадай формула бойынша бақылаулар нысандарының белгіленген қатынасына сүйене отырып ресми ведомостьқа енгізілген кезде автоматты түрде есептеледі:

Қорытынды баға = (ТК (аудиториялық, семинарлар) + ТК (аралық бақылау) + СӨЖ) = РД (жіберу рейтингі) x 60% + баға (Э x 40%) Емтихан(жеке): қорытынды емтихан.

Оларды орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (ұсынымдар) :

- Аудиторияға (дәрістерге, семинарларға) дайындық кезінде берілген үлестіру материалын мұқият оқып, қайталау)

Бағалау критерилері:

- барлық курстың білімі мен түсінігін тексеруге.
- Тестте 50-ден 100-ге дейінгі сұрақтан, әр дұрыс жауап-1 балл.

Тапсыру мерзімі:

- Орындалған тапсырмаларды жүктеу үшін белгіленген мерзім: оқу курсы аяқтаған сәттен бастап екі апта. Уақытында тапсырылмаған жағдайда төмендету коэффициенті қолданылады: мысалы, 0,75-0,9.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		72-11-2025
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 11 беті

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		72-11-2025
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 12 беті